

**Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін  
тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен  
іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды  
жүзеге асыратын жұмыс тобының қызметі туралы  
№ 144 баспасөз-релизі**

2009 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің «АқОрда» резиденциясында Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) кезекті (алтыншы) отырысы болып өтті.

Отырысқа «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның басшылары шақырылып, олар Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін ақшаны игеру барысы туралы ақпарат берді. Қазіргі кезде Жоспарда көзделген ақша екінші деңгейдегі банктерге аударылып, олардың нақты игерілуі жүрып жатыр.

Өткізілген отырыстың нәтижесі бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

– Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық мониторинг комитеті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетін тарту арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың игерілу мәселесі бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ және олардың еншілес ұйымдарын тексеруді ұйымдастырсын;

– «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ екінші деңгейдегі банк немесе өз клиенттеріне қайтадан берілетін кредиттер бойынша Ұлттық қор қаражатынан келіп түсетін ақшаларды есепке қосу және қызмет көрсету үшін банктерден жеке шоттар ашуды, сондай-ақ аталған ақшаларды қолма-қол ету, олардың мақсаттық қолданысына сәйкес болған жағдайды қоспағанда, осы ақшаларды қолма-қол етуге тыйым салуды, оффшорлық аймақтарда тіркелеген компаниялармен келісім-шартты және Ұлттық қордың қаражаты есебінен консалтингтік көрсетілетін қызметті төлеуге тыйым салуды көздейтін заемшылармен келісім жасасын.

Бас Прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары Үйлестіру кеңесінің ағымдағы жылдың 21 сәуірінде өткізілген отырысы аясында басқа шешімдермен қатар төмендегідей шешімдер қабылданғандығын қосымша хабарлаймыз:

– құқық қорғау органдарының банктерді тексеру жұмыстары Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің басшылығымен бірыңғай кесте бойынша жүргізіледі. Бекітілген тексеру кестесі екінші деңгейдегі банктерге хабарланады;

– негізгі заемшылардың тексеру жұмыстары қажеттілік бойынша, мәселені заемшының қызметіне тікелей қатысуынсыз «заемшының адал презимпциясы» принципін ескере отырып, шешу мүмкін болмаған жағдайда өткізілуі тиіс;

– Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатын мақсатты пайдаланылуын тексеруді желеу етіп, заемшының барлық шаруашылық қызметін тексеру алынып тасталады.

Жеке баспасөз-релизі аясында қабылданған шешімдердің толық тізбесін тарату Үйлестіру кеңесінің атынан Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына тапсырылды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ берген ақпаратқа сәйкес Ұлттық қордан Жоспар шеңберінде «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның арнайы шотына 1 087,5 млрд. теңге бөлінді. «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның мәліметтері бойынша ол былай көрініс тапты:

млрд. теңге

<b>I</b>	<b>Қаржы секторының тұрақтылығы</b>	
1.	«БТА Банкі» АҚ	212,1
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	60
3.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	36
4.	«Альянс Банк» АҚ	24
	<b>Жиынтығы</b>	<b>332,1</b>
<b>II</b>	<b>Тұрғын үй секторын дамыту</b>	
1.	«БТА Банкі» АҚ	40
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	24
3.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	24
4.	«Альянс Банк» АҚ	14
5.	«Банк Центр Кредит» АҚ	3
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3
7.	«Kaspi Bank» АҚ	3
8.	«Темір Банк» АҚ	3
9.	«Цесна Банк» АҚ	3
10.	«АТФ Банк» АҚ	3
	<b>Жиынтығы</b>	<b>120</b>
<b>III</b>	<b>Шағын және орта бизнесті қолдау</b>	
1.	«БТА Банкі» АҚ	22
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	11,7
3.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	16
4.	«Альянс Банк» АҚ	18
5.	«Банк Центр Кредит» АҚ	10
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3

7.	«Kaspi Bank» АҚ	6
8.	«АТФ Банк» АҚ	10
9.	«Цесна Банк» АҚ	3,3
10.	«Нұрбанк» АҚ	8
11.	«Сбербанк России» ЕБ АҚ	6
12.	«Астана-финанс Банк» АҚ	3
13.	ДАМУ Қоры	3
	<b>Жиынтығы</b>	<b>120</b>

Сонымен қоса, «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ» АҚ 2 банкке («Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ) қол қойылған қосымша Келісімдердің шеңберінде экономиканың нақты секторын кредиттеу үшін 144 млрд. теңге бөліні.

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның ақпараттарына сәйкес 2009 жылғы 23 сәуірдегі жағдай бойынша агроөнеркәсіп секторын қолдауға бөлінген 120 млрд. теңгеден «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-ға 23 377 070 мың теңге, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға 5 317 976 мың теңге бөлінді. «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның еншілес ұйымдары аударған қаражат ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған заемдар түрінде берілді. Осылайша, 120 млрд. теңгеден 28 695 046 мың теңге нақты игерілді (игеру 24,2%).

Екінші деңгейдегі банктерден және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС алынған ақпараттарға сәйкес 2009 жылғы 24 сәуірдегі жағдай бойынша банктермен нақты игерілгендері мыналар:

- 1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша  
212,1 млрд. теңге – Үкіметтің «БТА Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 25 246 343 дана мөлшерінде сатып алуы;  
27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 дана мөлшерінде сатып алуы.
- 2) жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу (қайта қаржыландыру) бойынша

№№	ЕДБ атауы	Жасалынған шарттардың сомасы (қосымша келісімдер), млн. теңге
1.	«БТА Банкі» АҚ	7 262,0
2.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	4 538,4
3.	«Альянс Банк» АҚ	3 490,3
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	2 271,4
5.	«АТФ Банк» АҚ	2 232,0
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	1 633,8
7.	«Темір Банк» АҚ	1 304,9

8.	«Kaspi Bank» АҚ	1 092,3
9.	«Цесна Банк» АҚ	1 056,7
10.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	703,8
	<b>Жиынтығы</b>	<b>25 585,6</b>

3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

№№	ЕДБ атауы	Жасалынған шарттардың сомасы (қосымша келісімдер), млн. теңге	Оның ішінде, жасалынған шарттардың, қайта қаржыландыру сомасы, млн. теңге
1.	«БТА Банкі» АҚ	21 323,5	11 857,6
2.	«Альянс Банк» АҚ	7 368,8	4 027,3
3.	«АТФ Банк» АҚ	6 546,2	4 366,2
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	6 462,2	4 457,6
5.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	6 335,4	5 646,7
6.	«Сбербанк России» АҚ	2 784,4	498,3
7.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	2 641,8	2 055,4
8.	«Цесна Банк» АҚ	2 485,8	1 945,8
9.	«Нұрбанк» АҚ	2 303,1	0
10.	«Kaspi Bank» АҚ	1 731,3	734,5
11.	«Еуразиялық Банк» АҚ	1 583,6	509,0
12.	«Астана-финанс Банк» АҚ	1 047,0	0
	<b>Жиынтығы</b>	<b>62 613,1</b>	<b>36 098,4</b>

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу (қайта қаржыландыру) бойынша

№№	ЕДБ атауы	Заемшылар саны	Қайта қаржыландыру сомасы, млн. теңге
1.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	6	1 976,9
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	4	11 750,4
	<b>Жиынтығы</b>	<b>10</b>	<b>13 727,3</b>

Осылайша, экономика және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаны игеру пайызы, жоғарыда аталған 4 бағыт бойынша, 2009 жылғы 24 сәуірде төмендегідей пайызды құрады:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 72%;
2. жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша – 21,32%;
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша – 53,52%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 9,53%.

### Анықтама

2009 жылғы 19 қаңтарда Мемлекет Басшысының Өкіміне сәйкес Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобы құрылды.

Аталған жұмыс тобының құрамына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық мониторинг комитетінің басшылары, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі кіреді. Жұмыс тобына Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Төрайымы Е.Л. Бахмутова басшылық етеді.

Жұмыс тобының негізгі мақсаты Бірлескен іс-қимыл жоспарының шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың мақсатты, заңды және тиімді жұмсалуды бақылау және оған мониторинг жүргізу болып табылады.